



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Балнұр Сапарова. Көппен көрер ұлы той немесе қазақ хандығына 550 // Мұнайлы Астана (Республикалық қоғамдық-саяси газет. 19 қараша. №14. 2014 ж.
- 2 Телеуова Э. Қазақ хандығы: мәселелер мен ұсыныстар // Ақиқат (Ұлттық қоғамдық-саяси журналы). 13 наурыз. №3. 2015 ж.
- 3 Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр: Н. Назарбаевтың «Тарих толқынында» - атты кітабына ой- пікір // Егемен Қазақстан. 30 сәуір. 1999 ж.
- 4 Бижанов М. Социальные категории казахского общества XVIII века в трудах русских ученых // Казахстан в XV-XVII вв. - Алма-Ата: Наука, 1969. -203 бет.
- 5 Омаров А. Қазақ хандығының 550 жылдығы- тәуелсіздік пен теңдіктің, ынтымақ пен елдіктің тойы. // Айқын (Республикалық қоғамдық-саяси газеті). 5 қараша 2014 ж.

ӘОЖ 94(574) «16»

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ

Жаханша Ердәулет Нартайұлы

erdaulet.zhakhansha@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, 1 курс студенті

Ғылыми жетекші – Екібаев Р.Ж. т.ғ.к.

XVII ғасырда Қазақ хандығын билеген хандар саны – бірнешеу. Олардың билікте болған жылдарын жазба деректер арқылы нақты біле алмасақ та, әр ханның жеке басындағы ерекше қасиеттері мен белгілеріне, билік құрған жылдарындағы заманның ағымына, дәуірінің ерекшелігіне байланысты әртүрлі атаулар мен сөз тіркестері қазақ халқының ауыз әдебиетінде сақталып, күні бүгінге дейін жетіп отыр. Осындай тұлғалардың бірі және бірегейі, қазақ тарихында өзіндік ерекше орын алатын – Жәңгір хан. Қазақ хандығының жерін, дінін, халқының амандығын сақтап қалу жолында аянбай тер төгіп, халықтың жадында «Салқам Жәңгір» деген лақап атпен мәңгіге қалып отыр. Ал тарихшыларымыз – «Билік құрған жылдарын тақ үстінде емес, ат үстінде, жоңғарлармен соғыста өткізген» деп бағалайды. Бұл баға –Жәңгір ханға жайдан-жай берілмеген баға.

Жәңгір ханның тарихына қатысты қолымыздағы материалдарымызға сүйене отыра, оның «тақ үстіндегі емес, ат үстіндегі қазақ жерінің тұтастығын сақтау жолындағы жоңғарлармен соғыста өткізген жылдарын» қарастырамыз.

Жәңгір ханның шығу тарихына назар аударатын болсақ, Шыңғысхан, одан Жошы хан, одан Ордаежен, одан Сартақтай, одан Қоныша, одан Баян, одан Сасыбұқа, одан Ерзен, одан Шымтай, одан Ұрыс хан, одан Қойыршақ, одан Барақ хан, одан Жәнібек хан, одан Жәдік сұлтан, одан Шығай хан, одан Есім хан және Есім ханнан Жәңгір хан боп таралады. Жәңгір хан – Есім ханның тарихта белгілі үш ұлының бірі. Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек сұлтан, екіншісі – Жәңгір хан, ал үшінші ұлы – Сырдақ сұлтан. Т.И.Сұлтановтың пікірі бойынша Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек XVII ғасырдың 30-шы жылдарының басында хан тағына отырып, ойрат тайшыларымен көп соғысқан және XVII ғасырдың 40 жылдарының басында ойраттармен болған кезекті бір шайқастардың бірінде қаза тапқан. Ал Сырдақ сұлтанның Хұсрау сұлтан деген ұл туылады, оның ұлы тарихта белгілі – Қайып хан. [1, 32-34б]

Ал Жәңгір ханның қай жылы дүниеге келгендігі жөнінде әзірге нақты бір дерек жоқ. Тек оны болжаммен XVI ғасырдың соңы немесе XVII ғасырдың бас кезінде дүниеге келген деп айтуға болады.

Жәңгірдің шын есімі – Жахангер (парсыша «әлемді бағындырушы, билеуші»). Оның Жәңгір болып айтылуы парсыша есімнің қазақ тілінің ерекшелігіне сай өзгеруінен шығып тұр. Мұндай есім XV-XVIII ғасырлардағы Орталық Азия мен Қазақстан аумақтарындағы билеуші әулет өкілдерінің арасында жиі ұшырасады.

Ең алғаш Жәңгірдің 1635 жылы жоңғарларға тұтқынға түскендігін И.Е.Фишер өзінің Сібір тарихына арналған кітабында жазады. 1959 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген орыс-монғол қатынастарының жинағында осы тарихи оқиғаға қатысты мәлімет кездеседі. Ол мәлімет 1635 жылдың 19 шілдесінде Тобольск приказдығының кеңсесінде ойрат тайшысы Абақтың елшілерінен жазылып алынған. [1, 346] Бұл деректе қазақ-қалмақ (ойрат) шайқасының 1635 жылдың қыс айларының бірінде өткендігін, ал бұл кезде Жәңгірдің әлі сұлтан дәрежесінде жүргендігін көреміз, яғни Жәңгір бұл оқиғаға дейін әлі хан тағын иелене қоймаған. Жәңгірдің қалмақтардың қолына тұтқынға түскендігін солтүстіктегі көршісіне хабар беріп тұр. Демек қазақ – қалмақ қатынасындағы аса маңызды оқиғаның бірі болғандығын көрсетеді.

1635 жылы қазақ-жоңғар соғысында жау қолына тұтқынға түскен Жәңгірдің тағдыры екі ел арасындағы қарым-қатынаста аса маңызды орын алғанына қарап, сол жылдардың өзінде оны хан болмаса да қазақ қоғамының ішкі саяси өмірінде ерекше орын алған тұлға деп санаймыз.

Жалпы, қазақ-жоңғар қатынастарында Жәңгір хан тұсында екі жақтың қатысуымен болған ірі оқиғалар саны үшеу. Біріншісі, жоғарыда атап өткен 1635 - жылғы қазақ-жоңғар шайқасы және Жәңгір сұлтанның жоңғар тұтқынына түсуі болса, екіншісі – 1643 - жылғы қазақ-жоңғар шайқасы. Ал үшінші ірі оқиға, ол – 1652 - жылғы Жәңгір хан қаза табатын шайқас. Қарап отырсақ, осы үш оқиғаға Жәңгір тікелей қатысып, оқиғалардың басында жүрген екен. Жәңгір ханның өміріне қатысты ең көп кездесетін мәлімет – 1643 жылғы шайқас. Бұл кезде Жәңгір әлі сұлтан дәрежесінде болатын. Жоңғарияға барып келген орыс елшілерінің есептерінде оның дәрежесін сұлтан деп жазады. Мысалы, 1640 жылы қыркүйек айында жоңғар қоңтайшысының ордасында қазақ сұлтаны Жәңгір сұлтанның елшісі болғандығын орыс деректері хабарлайды.[2, 546]

1643-1644 жылғы қазақ-жоңғар соғысы туралы ең алғашқы хабарды Г.Ильин береді. Ол 1644 жылы ақпан айында Батыр хонтайшының ордасынан Тобольскіге қайтып оралып, воевода Куракинге осы соғыс туралы баяндайды. Дәл осы жылы және сол айда Тобольскіге келген ойрат көсемдерінің бірі Абылай-тайшының елшісі Бахтыйдың хабарламасында да 1643-44 жылғы қазақ-жоңғар соғысы туралы айтылып, ол да Г.Ильиннің мәліметін растайды және оны толықтыра түседі. Екі мәліметтің үзінділері И.Я.Златкиннің монографиясында келтірілгендіктен, біз оның бәрін қайталап жатпай, тек осы соғысқа және Жәңгірге қатысты жерлеріне тоқталайық.

Жәңгір толығымен жауынгерлік шешімге батыл бел байлады. Ол жоңғарлардың алға жылжуына бөгет жасау ғана емес, таулы жерлерді пайдаланып жауға соққы беруді ойлады. Жәңгір ханда барлығы 600 қаруланған атты әскер болды. Олардың барлығы дерлік Шапырашты Қарасай, Арғын Ағынтай, Алшын Жиёмбет, Қаңлы Сарбұқ, Найман Көксерек, Дулат Жансығұл, Суан Елтынды сияқты таудың тасындай іріктелген, жүрек жұтқан қас батырлар еді.[3, 76]

Жоңғарлармен шайқаста Жәңгір тапқырлық көрсетіп, дұрыс шешім қабылдады. А.И.Левшин: «Ол ашық шайқастан қашып(әрине қолбасшының негізгі мақсаты неше түрлі соғыс тәсілдерін пайдаланып соғыста жеңіп шығып, әрі адам басын аман сақтап қалу емеспе?) аздаған адамдарының бір бөлігін екі таудың арасымен сайға орналастырды. Олар жерді терең етіп қазып, биік қорған дуалын жасады, ал жауынгерлердің екінші бөлігі таудың арғы жағында тығылып отырды. Жоңғарлар қорғанға таяп келіп, оған шабуыл жасады. Көп адамынан айырылған соң, оларды қоршап алуға алаңның тарлығы мүмкіндік бермеді. Сол кезде Жәңгір олардың ту сыртынан шабуылдады. Ойламаған жерден болған соққының, әрі жауынгерлердің батылдығының арқасында, мылтықтарының өте сапалы болуынан Богатырға (Батырға В.Г.) қатты соққы берді», – деп сипаттайды.

Жәңгір әскерінің аз болуы екі жағдаймен қарастырылады. Бірінші себебін М.Тынышпаев: «Жәңгір өкіметі әлі күшейген жоқ» – деп түсіндіреді. Ол кезде Есім ханның өлген жылы әлі толық белгісіз болатын. М.Тынышпаевтың айтуынша, бұл кез әлі хан сайланбаған кез еді. Дегенмен де 1628-1643 жылдар аралығы өте ұзақ мерзім. Сондықтан

Жәңгір әскерінің мұндай аз болу себебі, уақыттың тығыз болғандығына байланысты болар. Өкінішке қарай, бізге Жәңгірдің хан болып жарияланған нақты күні белгісіз. Ол 1635 жылы әлі де сұлтан болған.

Дегенмен де Жәңгір әскерінің аздығын әлдеқайда қысқаша түсіндіруге болады. Дәлелі бар түсінік беруге де болады. Таудың арасындағы ұрысқа, тұтқиылдан тосып алуға аздаған ғана жауынгер қатынасканы дұрыс. Таудағы бар жауынгерді И.Фишердің айтуынша, «...Жәңгір оларды қалай пайдалану керектігін білді». Артық адам ойлаған мақсаттың іске асуына тек қана бөгет жасайды. Қоянды тау шыңының бауырының шығыс жағында Күренкей тау, Аламантау, Куянатытау, Сарытау, Боңқан таулары созылып жатыр. Көкжеті тауының арғы жағы жоңғарлар. Ескі картада Күренкей тауынан екі-екі жарым шақырым әр таудан аққан өзендердің қиылыстары бар. Олар тау өзендері: Ұзынбұлақ, Қарабұлақ, Орбұлақ. Оның барлығы Айнабұлақ өзеніне құяды. Ол Күренкей тау шыңының батыс жағында ағып жатады. [4, 10-11б]

Бұл жер тактикалық жағынан қызықтырады: ұзындығы 200 метрдей екі биік таудың сілеміндегі тар сай, биіктігі 2000-2500 метр теңіз биіктігімен өлшегенде.

Батыстан Қоянды тауының шыңдарында Күренкейдің шығуға қиын шыңдары, Оңтүстік батысында Кача-таудың жоталарында терең сай бар. Ол жерге көп салттыларды орналастыруға болады. Ал оның сол жағындағы жерден қазылған бекіністің тастармен қаланған жерінде қазақтың ерікті жасақшылары орналасқан. Әскерлердің бұл бөлігінің басшылығына Жиёмбет және Жақсығұл батырларды қойған.

Олардың желке жағында төмен түсуге болатын жер және бірнеше жүз ат орналасуға болатын сай бар. Одан таудың етегімен келе жатқан жоңғарларға шұңқырда отырған қазақ жауынгерлері де, олардың аттары да көрінбейді. Мұның барлығын осы жерлерді көзбен бір шолып өткенде байқауға болады.

Жоңғардағы орыстың елшісі, Тобыл казактарының атаманы Гавриил Ильиндер: «Жәңгір тастардың арасынан бекініс қазып, оған 300 адамды отырғызып қойды. Өзі 300-дей әскермен тастың арғы жағында оларды қорғауға дайын тұрды. Тайшы атты әскери адамдарымен бекініске шабуыл жасады. Сол бекіністе Қонтайшының көптеген адамын жойып жіберді» – деп жазады.

Енді Жәңгірдің аз әскерімен жоңғардың қалың қолын қалай жеңгенін қарастырайық:

Біріншіден, Жәңгірдің тапқырлығы, жер жағдайын жақсы пайдалануы жеңіске бірден-бір себеп болды.

Екіншіден, тарих танымгері, өлкетанушы, шежіреші Асан Оразханұлы Тұрабаевтың айтуынша « Жәңгір бастаған қазақ қолы жауын улы оқпен қарсы алады. Сонымен қатар Сасықтекенің түтінін де пайдаланады. Улы жебе адамға жанап кетсе болды, безгек тигендей мәңгілікке сұлап түседі екен. Ал Сасықтеке деген гүл таутекелер күйлеген кезде иіскейтін және сол уақытта гүлдейтін болса керек. Соны суға қайнатып, оған шүберек малып кептіреді де, жағып жіберсе түтіні жан-жануарды уландырып тастайды. Салқам Жәңгір әскерінің бас қолбасшысы Қостокты батыр 600 сарбазын із суытар жерге тастап, ойраттардың алдынан өзі шығады. Оларды алдаусыратады да «Сасықтеке» түтініне ұрындырады. Қазақ қолының аз екенін білетін жау жапырып тастамақ болып лап бергенде улы түтінге, онан соң улы жебеге ұрынады. Міне, осындай амал-айла арқасында қалмақ қолы ойсырай бастайды. Аузы-басын тұмшалап, ешкінің майымен майлап алған қазақ жауынгерлеріне улы түтін әсер ете қоймайды. Уланғандары қымыз бен меңдуананы араластырып ішіп, құсады да тазарып аман қалады. Ал аттары уланса тұмсығына құйрық маймен ұрып тазартады. Алғашқыда не болғанын түсінбей қалған ойраттар мәнісін кейіннен біледі.»[5, 76]

Үшіншіден, ауызбірлік азайса әскердің береке-бірігісін кетеді. Үш бір саны бөлек-бөлек жазылса, қадірі үш екені белгілі. Сандардың өзара ауыз біршілігі сақталып жазылса, жүз он бір болатыны сияқты оларда елінің, жерінің, халқының аман-саулығы, ар-намысы, тыныштығы, діні жолында, ұлы құл болмасын, қызы күн болмасын деп бар-жоғы алтыжүз сарбазбен шынайы бауырмалдықпен, бір-бірінің орнын басатын жанқиярлықпен қимылдап алтыжүз сарбаз жаудың елу мың күшіне тең, тіпті одан күшті екенін бар әлемге паш етті.

Төртіншіден, бұл алтыжүз сарбаздың жанкешті әрекетін тағы былай түсіндіруге болады. Олардың бұл көзсіз ерліктері халқына деген кіршіксіз махаббаттан туындаған. Мәселен, қалайша ананың баласына деген махаббаты, қамқорлығы мен мейірімі балсы үшін жанын құрбан етуге дейін апарады. Бұл ақиқатты балапанын құтқару үшін жыртқыш хайуандарға айбат шегіп ұмтылған тауық, хайуанаттар әлемінен бір мысал деп түсіндіруге болады.[6, 50 б] Сол сияқты Жәңгір хандыда құмырсқадай құжынаған жаудың елу мың қолына ат-ой салып алтыжүз сарбазбен қорықпастан қарсы шығып оларды шегіндіруі және де Жәңгірге дейінгі және кейінгі батырлардың батырлықтары, ерліктері, батылдықымен әрекет етулері бәрі- бәрі халқына, еліне деген адал, кіршіксіз махаббаттан туындаған деп анық әрі сенімді түрде айта аламыз.

Хандық дәуірдегі қазақ хандарының өкілі ретінде Жәңгір хан бүкіл саналы өмірін ел қорғау ісіне арнайды. Оның атақ – даңқы сұлтан кезінде-ақ танымал болып, жоңғарлармен күресте ірі жеңіске қол жеткізеді. 1643 жылы Батыр хонтайшының 50 мыңдық әскерін 600 әскермен шегіндіруі оның есімін қазақ халқының есінде мәңгіге қалдырды. Оның атақты Жалаңтөс батырмен достығы Қазақ хандығы мен аштарханилар әулеті арасындағы қарым-қатынастардың нығаюына көп септігін тигізеді.

Қазақ ордасының тарихында Салқам Жәңгірден бұрын он үш хан өтіпті. Соның алтауы ат үстінде қаза тауыпты. Жәңгір хан он төртінші хан, жетінші шахит екен. Ұлыстың мерейі үшін, ұлтының болашағы жолында жан қиған ерде арман жоқ шығар сірә?![7, 97б]Осылайша, Жәңгір хан қазақ тарихында жарқын істерімен қалып, оның есімі қазіргі кезеңдегі қазақ халқы үшін отансүйгіштік пен жанқиярлықтың, батырлық пен ерліктің символына айналып отыр.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кәрібаев Б. «Жәңгірхан жөнінде» ҚАЗҰУ Хабаршы. Тарих сериясы. -2011.- №2. 32-40б.
2. Қалықова Б. «Жәңгір хан». //Дарабоз.- 2011 - №2. 53-56б.
3. Бейсенбек Д. «Қосқолаң таудың етегі, тарихтан сыр шертеді» // Ана тілі. 2009.-10-16 -қыркүйек.
4. Нәсенов Б. «Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасы».- Алаш 2010 - №3. 4-5б.
5. Төреғали Тәшенов. «Орбұлақ шайқасының құпиясы» // Айқын.- 2013.-29 тамыз.
6. Жолдыбайұлы Қ. «Имани гүл».- «Издательство АСТ Полиграф» ЖШС. – 2011.-50б.
7. Мұхтар Мағауин. «Қазақ тарихының әліппесі».- 1994. 83-100б.

ӘОЖ 94

ҚАРАҒАНДЫ Өңіріндегі лагерьлер тарихынан...

Жақия М.Қ.

(makosya_96.10@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

мәдениеттану мамандығының 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. доцент Сейтказина Қ.О.

XX ғасыр – Ресей мемлекеті, оның ішінде Қазақстан тарихы үшін арпалысты болды. Ғасырдың екінші онжылдығында дүниеге келген жаңа өкімет қоғамды түбегейлі өзгертіп қана қоймай, өзімен бірге халықтар тағдырына зоралапатапаттар алып келді. Бұл тоталитарлық мемлекет жүйесі және саяси репрессиялар толқыныеді. Тоталитаризм, саяси репрессия мәселесін зерттеу бүгінгі күнгі тарих үшін аса маңызды. Біз тоталитаризмнен демократияға өткен мемлекетте өмір сүре отырып, шын мәнінде өткен жүйенің қаншалықты қасірет әкелгенін түсіне аламыз. Орталық Қазақстан өзінің тарихында үлкен қиын,қасіретті кезеңдерді бастан өтті. Бірақ Қарағанды өзінің қажырлы да қайратты халқымен осындай